

## Жас өрт сөндірушілердің жасағын құру туралы

## *Күшін жойған*

Атырау облыстық әкімиятының 2008 жылғы 20 мамырдағы N 153 қаулысы. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 24 мамырда N 2531 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2014 жылғы 29 тамыздағы № 270 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 29.08.2014 № 270  
қаулысымен.

## Р К А О е ск е р т п е с и :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабын, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы N 48 "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңының 19-бабын басшылыққа ала отырып, балалардың білім деңгейін арттыру және олардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысуын насиҳаттау мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Облыстың жалпы білім беретін орта мектептерінде Жас өрт сөндірушілер жасағы құрылсын.

2. Қосымшаға сәйкес үйлестіру-әдістемелік кеңесінің құрамы бекітілсін.

3. Жас өрт сөндірушілер жасағының келесі міндеттері мақұлдансын:

1) балалардың білім деңгейін арттыру және олардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатынасуы;

2) өрт пайда болған жағдайда азаматтар мен мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмек көрсету;

3) білім беру мекемелерінде тақырыптың қабырға баспасын шыгаруды  
ұйымдастыру;

4) көрнекі-бейнелеу тақырыптың материалдарын таратуға қатысу;

5) тақырыптық көрмелер, байқаулар, конкурстар мен әскери-спорттық ойындар өткізуге қатысу;

6) жас өрт сөндірушілерді дайындау Төтенше жағдайлар министрінің 2006 жылғы 8 ақпандағы N 35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережесі негізінде жүзеге асырылады;

7) өрт-қолданбалы спорты бойынша жарыстар мен спорттық секциялар  
ө т к і з у г е қ а т ы с у ;

8) өрт сөндіру көлігімен және өрт-техникалық қаруларамен, өрт туралы

хабарлау құралдарымен, өртті анықтау және өрт сөндіру жүйелерімен таныстыру ;

9) өртке қарсы қызмет органдарының инспекторлық құрамының басшылығымен тұрғындар арасында өрттің алдын алу жөнінде көпшілік-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, өздерінің оқу орындарында, тұрғылықты жері бойынша және қамқорлыққа алған мектепке дейінгі балалар мекемелерінде өрттің алдын алу іс-шараларын өткізуге қатысу:

тақырыптық конкурстар, олимпиадалар, викториналар, слеттер өткізу; жиындар, сап түзеулер, тақырыптық экскурсиялар, жорықтар, рейдтер, спорттық ойындар, фестивальдар үйымдастырып, өткізу;

10) өрттен қорғау ардагерлеріне қамқорлық көмек көрсету;

11) өртке қарсы қызмет органдары туралы тарихи материалдар жинауды жүргізу және өртке қарсы қызметтің мектеп мұражайларын құру;

12) өрт-техникалық модельдеу үйірмелерін үйымдастыру.

4. Жас өрт сөндірушілер жасағы жалпы білім беретін орта мектептер базасында, балалар үйлері мен интернаттарда, балалар мен жастарға қосымша білім беретін мекемелерде, сауықтыру мекемелері мен демалыс лагерлерінде оларда балалардың болу кезеңінде үйымдастырылады.

5. Жас өрт сөндірушілер жасағымен жұмыс жасаудың негізгі орталығы қалалық және аудандық өртке қарсы қызмет басқармасы мен бөлімдері болып та б ы л а д ы .

6. Жас өрт сөндірушілердің қызметін тиімді үйымдастыру үшін Жас өрт сөндірушілер өрт сөндірушілер жасағының звенолары мен отрядтары түріндегі құрылымдық бөлімшесі құрылады.

7. Жас өрт сөндірушілер звеносының саны 3-5 жас өрт сөндірушіден құралуы тиіс. Екі және одан да көп звенолар болған кезде отряд үйымдастырылады. Отрядтағы звенолар саны төрттен аспауы тиіс.

8. Жас өрт сөндірушілер жасағы, сондай-ақ отрядтар мен звеноларды жас өрт сөндірушілердің жалпы жиналысында сайланған командирлері басқарады. Жас өрт сөндірушілер жасағы командирлері Жас өрт сөндірушілер жасағы мүшелерінің жалпы жиналысында атқарылған жұмыс туралы есеп береді ( ауызша н е м е с е жазбаша түрде ).

9. Звенолардың, отрядтардың жасақтардың командирлерін қайта сайлау Жас өрт сөндірушілер отрядының жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

10. Жас өрт сөндірушілер жасағына үйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасау үшін үйлестіру-әдістемелік кеңестер құрылуы мүмкін, олардың құрамына білім беру басқармасы үйымдарының, өртке қарсы қызмет органдарының, жергілікті атқарушы органдардың, немесе басқа да мүдделі үйымдардың өкілдері кіреді.

11. Жас өрт сөндірушілер жасағына қабылдау ерікті негізде мектеп жасындағы балалардың (10-17 жас) ата аналарының келісімі негізінде жүзеге асырылады.

12. Жас өрт сөндірушілер жасағына балаларды қабылдау туралы Жас өрт сөндірушілер жасағы мүшелерін есепке алу журналында тіркеу жүргізіледі, оны жүргізу және сақтау тәртібін өртке қарсы қызмет органдары белгілейді.

13. Жас өрт сөндірушілер жасағы мүшелігінен шығу Жас өрт сөндірушілер жасағымен жұмыс жөніндегі үйлестіру кеңесінде қаралады.

#### 14. Жас өрт сөндірушілер жасағы:

жасақтардың жұмысын, жас өрт сөндірушілердің тақырыптық үйірмелерін, өрт-қолданбалы спорт секцияларын ұйымдастыруға және құруға көмек көрсетеді

әдістемелік, кеңес беру, үйлестіру жұмыстарын жүргізеді;

Жас өрт сөндірушілер жасағының озат жұмыс тәжірибесін қорытып, т а р а т а д ы ;

байқау-конкурстар, викториналар туралы бағдарламалар әзірлейді, жоғарыда көрсетілген шараларды ұйымдастырып жүргізеді;

өрттің алдын алу жөніндегі іс-шараларды дайындауға және жүргізуге  
қ а т ы с а д ы .

15. Жас өрт сөндірушілер жасағы қызметін материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету (оку құралдарын, өрт техникасы және өрт-техникалық қаруларын, нысанды киім үлгісін, кеңсе құралдарын, мәдени-көпшілік жұмыстарға арналған мүлік, бұрыштар жасауға арналған жабдықтар сатып алу) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

16. Атырау қаласы мен аудандар әкімдері жергілікті жерлерде Жас өрт сөндірушілердің үқсас жасақтарын құрсын.

17. Атырау облысы әкімиятының 2007 жылғы 23 қазандағы N 247 "Жас өрт сөндірушілер жасағын құру туралы" қаулысы жойылсын.

18. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.М. Рысқалиевқа жүктелсін.

19. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## *Облыс әкімі*

Б. Рыскалиев

О б л ы с

## Экімиятының

2008

ЖЫЛҒЫ

20

М А М Ы Р Д А Г Ы

## № 153 қаулысына косымша

## Үйлестіру-әдістемелік кенесінің дербес қурамы

- Рысқалиев Сырым Мұратұлы - облыс әкімінің орынбасары, Кеңес төрағасы ;
- Керімов Асқар Абайұлы - облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары, кеңес төрағасының орынбасары ;
- Кеңес мүшелері :
- Бержанов Омар Құмарұлы - өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі мемлекеттік мекемесінің Атырау облысы бойынша филиалының бастығы (келісім бойынша);
- Дүйсекенов Сейітжан Қисанұлы - Атырау облысы өртке қарсы қызмет департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша) ;
- Жұмашев Жасұлан Қыдырқожаұлы - Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент бастығы (келісім бойынша);
- Исмұратов Мереке Отарұлы - Атырау облысы Ішкі істер департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша);
- Қайненов Қылымғали Қайненұлы - Атырау облысы Білім беру басқармасының бастығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК